

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
Қаржы және есеп кафедрасы

**СФ 4305 «Сандық қаржы» пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Қаржы – бВ04106» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы

Алматы, 2022 ж.

Құрастырушы:

Асилова А.С., э.ғ.к.,
«Қаржы және есеп» кафедрасының доцент м.а.

«Сандық қаржы» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды «4» қазан 2022 ж., хаттама № 3

КІРІСПЕ

«Сандық қаржы» пәні бойынша емтихандық тестілеу университеттің MOODLE ҚОЖ-да ресми ақпараттық-білім беру платформасында өткізіледі.

Тестілеуден өтуді бақылау – онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтиханның барысын бақылау).

Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихан сияқты, емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін: тапсырмаларды өздері орындауын және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды.

Нақты уақыттағы онлайн емтиханды веб-камера арқылы маман (күндізгі прокторинг) да, сынақтан өтушінің жұмыс үстелін, кадрдағы адамдардың санын, сыртқы дыбыстарды немесе дауыстарды, тіпті көздің қимылын басқаратын бағдарлама (кибер- прокторинг) да қадағалай алады.

Әдетте прокторингтің аралас түрі жиі қолданылады: бағдарлама ескертулері бойынша адам емтиханның бейнежазбасын қосымша қарайды және бұзушылықтар орын алды ма, жоқ па, соны анықтайды.

Тестілеудің ұзақтығы: Емтихан кезіндегі тест сұрақтарының саны – 25 сұрақ кез-келген тест жиынтығындағы сұрақтардың саны бойынша. 1 мүмкіндік.

Тестілеуге берілетін уақыт: 60 минут.

Бағалау саясаты: дұрыс жауап берілген жағдайда бір сұрақ – 4 баллға бағаланады.

Дұрыс жауап берілмесе 0 балл.

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ: емтихан студенттерге алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

«Сандық қаржы» пәні бойынша тест тапсырмаларының 5 түрі қолданылды: көптік таңдау, сәйкестік тесті, дұрыс/бұрыс, сандық жауап және қысқаша жауап.

Студенттер міндетті түрде Univer АЖ-да және Moodle ҚОЖ-да жүктелген пән бойынша жасалған Қорытынды емтихан бағдарламасымен және емтиханды өткізу ережелерімен толық танысуы керек.

Прокторинг нұсқаулығының талаптарына сәйкес әрбір студент емтиханға 30 минут бұрын дайындалуы керек.

Moodle ҚОЖ-да – жиналған балл тестілеуден кейін бірден құрылған «Тест» элементі үшін Moodle жүйесінің бағалау журналында көрсетіледі.

Оқытушы баллды Univer АЖ-дағы аттестаттау тізімдемесіне қояды.

Балл қоюға берілген уақыт – 48 сағатқа дейін.

Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктері (білімдері, икемділік, іскерлік және күзiреттері) 4 баллдық шәкіл бойынша сәйкес сандық баламамен халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін («А»-дан «D»-ға дейін оң бағалар, «Қанағаттанарлықсыз» - «F») 100 баллдық шәкіл бойынша бағаланады.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ТӨМЕНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:

Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Сандық қаржының мәні мен мақсаты
2. Қазақстан экономикадағы сандық қаржы
3. Төлем қызметтері нарығындағы төлем технологияларындағы жаңашылдықтар және оларды қолдану
4. Банктік емес несиелік ұйымдарда төлем операцияларын жүзеге асыру технологиялары
5. Электронды бюджет

6. Халықаралық карталық төлем жүйелерінің жұмыс істеу ерекшеліктері
7. Интернет-эквайринг және саудагерлік эквайринг
8. Төлем қызметтері нарығындағы криптовалюта
9. Қаржылық құқықтық қатынастарды цифрландыру жағдайында қаржылық бақылауды ұйымдастыру
10. Мемлекеттік қаржыландырудағы сандық технологиялар
11. Сандық технологиялар
12. Әр түрлі экономикалық субъектілеріне арналған сандық қаржы
13. Сандық қаржы және электронды экономика
14. Төлем қызметтері нарығының төлем инфрақұрылымы
15. Қашықтан жұмыс жүргізетін банк жүйелері

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- сандық қаржы және оның атқаратын қызметтерінің ұйымдастырылу саласында алған теориялық білімдерін көрсету;
- сандық қаржы және қаржы нарығы курстары арасындағы байланыс пен жалпы құрылымын меңгеру;
- сандық қаржы және банктік операциялардың қалыптасуы мен пайда болу принциптерін, заңдарын, ережелерін түсіну;
- сандық қаржы бойынша оның мазмұнын түсіну және жаңа білімді игеру;
- сандық қаржының қызметін одан әрі жүзеге асыра отырып, дамыту бағыттарын болжау алу.

«САНДЫҚ ҚАРЖЫ» ПӘНІНЕН БАҒДАРМАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ

1. Сандық қаржының мәнін аша отырып, оның мақсатын айқындаңыз
2. Сандық қаржының экономикадағы рөлін айқындай отырып, оның даму кезеңдеріне сипаттама беріңіз
3. Қазақстан экономикадағы сандық қаржыны сипаттай отырып, оның қызмет ету ерекшеліктерін анықтаңыз
4. Төлем қызметтері нарығындағы төлем технологияларындағы жаңашылдықтарды анықтай отырып, олардың қолданылу ерекшеліктерін сипаттаңыз
5. Банктердің төлем операцияларына сипаттама бере отырып, оларды жүзеге асыру технологияларын айқындаңыз
6. Банктік емес несиелік ұйымдарда төлем операцияларын сипаттама бере отырып, оларды жүзеге асыру технологияларын айқындаңыз
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің перспективалы төлем жүйесіндегі есеп айырысулар мен төлемдерді жүргізудің жаңа технологияларын анықтаңыз
8. Электронды бюджет түсінігінің мәнін аша отырып, оның қалыптасу ерекшеліктерін анықтаңыз
9. Халықаралық карталық төлем жүйелерінің жұмыс істеу ерекшеліктерін сипаттай отырып, VISA, MASTER CARD, UNION PAY төлем карталарының қызметін айқындаңыз
10. Интернет-эквайринг түсінігінің мәнін аша отырып, саудагерлік эквайринг қызметіне сипаттама беріңіз
11. NFC (Near Field Communication) технологияларының мәнін аша отырып, байланыссыз төлем карталарының шығарылуы, олардың функционалдығы мен қолданылуын айқындаңыз
12. Төлем қызметтері нарығындағы криптовалюта түсінігінің мәнін аша отырып, Блокчейн технологиясының қолданылу аясын айқындаңыз

13. Криптовалютаның түрлерін айқындай отырып, олардың нарықтағы ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуін бағалауды айқындаңыз
14. Қазақстан Республикасының банк нарығындағы автоматтандырылған банк жүйесін айқындай отырып, олардың тиімділігі мен ыңғайлылығына сипаттама беріңіз
15. Төлем қызметтері нарығының мәнін аша отырып, төлем инфрақұрылымына тоқталып өтіңіз
16. Кибер банкинг түсінігінің мәнін аша отырып, «Банк-Клиент»: анықтамасы, функционалдығы, сорттары, қолдану аясын айқындаңыз
17. Қашықтан жұмыс жүргізетін банк жүйелеріне тоқтала отырып, мобильді және интернет банкинг қызметтеріндегі ерекшеліктерді айқындаңыз
18. Мобильді және интернет банкинг түсінігіне сипаттама бере отырып, олардың байланыс орталықтары мен клиенттерінің төлем операцияларындағы рөлін айқындаңыз

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздықова А.О., Азретбергенова Г.Ж. Қаржылық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан, 2021
2. Аюпов А.А. Конструирование и реализация инновационных финансовых продуктов / А.А. Аюпов. – М.: NOTA BENE, 2007. – 220 с.
3. Инновации на финансовых рынках [Текст]: коллект. моногр. / под науч. ред. Н.И. Берзона, Т. В. Тепловой; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики», ф-т экономики, кафедра фондового рынка и рынка инвестиций. – М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2013. – 420 с.
4. Экономика инноваций: Учебное пособие. – М.: Экономический факультет МГУ имени М.В. Ломоносова, 2016. – 311 с.
5. Инновационный менеджмент: Учебник для вузов / Под ред. проф. С.Д. Ильенковой. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 220 с.

ЭЛЕКТРОНДЫ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

1. <http://www.al24.ru/category/biznes-ekonomika-finansy/bankovskoe-delo>
2. <https://www.litres.ru/raznoe-4340152/bankovskoe-delo/chitat-onlayn/>
3. <http://uchebnik.kz/bankovskoe-delo/>
4. <http://www.bankir.ru/>
5. <http://ecsocman.hse.ru/text/22889391/>
6. <https://kapital.kz/info/>
7. <http://anyflip.com/tpgd/qlip/basic>
8. <https://www.internauka.org>
9. <https://kursiv.kz/news/obschestvo>
10. <https://www.kase.kz>
11. <https://www.finreg.kz>
12. <https://www.nationalbank.kz>